

## "Шахтинск қаласының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Шахтинск қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 2 наурыздағы № 7/13 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 16 наурызда № 3041 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шахтинск қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 25 мамырдағы N 18/01 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Шахтинск қаласы әкімдігінің 25.05.2016 N 18/01 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Шахтинск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса берілген "Шахтинск қаласының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы бірінші ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

А. Аглиулин

Ш а х т и н с к	қ а л а с ы	ә к і м д і г і н ің
2 0 1 5		наурыздағы
№	ж ы л ф ы	қ а у л ы с ы м е н
бекітілген	2 / 1 3	

## "Шахтинск қаласының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ережесі

### **1. Жалпы ережелер**

1. "Шахтинск қаласының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мемлекеттік мекеме) ветеринария саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік мекеме мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан

Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Мемлекеттік мекеме азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Мемлекеттік мекеме егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Мемлекеттік мекеме өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекеме басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Мемлекеттік мекеме құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индексі: 101600, Қарағанды облысы, Шахтинск қаласы, Қазақстан көшесі, 101.

9. Мемлекеттік органның толық атауы:

мемлекеттік тілде – "Шахтинск қаласының ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде – Государственное учреждение "Отдел ветеринарии города Шахтанска".

10. Осы Ереже мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Мемлекеттік мекеменің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Мемлекеттік мекемеге кәсіпкерлік субъектілерімен мемлекеттік мекеменің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға тұсуге тыйым салынады.

Егер мемлекеттік мекемеге заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

13. Миссиясы: ветеринариялық–санитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

14. Міндеттері:

1) жануарларды аурулардан қорғау және оларды емдеу;

2) халықтың денсаулығын жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғау;

3) Қазақстан Республикасының аумағын басқа мемлекеттерден жануарлардың жүқпалы және экзотикалық ауруларының әкелінуі мен таралуынан қорғау;

4) жеке және заңды тұлғалар ветеринария саласындағы қызметті жүзеге

асыруы кезінде қоршаған ортаны ластаудың алдын алу және оны жою.

15. Функциялары:

- 1) денсаулық сактау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен бірлесе отырып, халық денсаулығын жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғауды ұйымдастыру және өзара ақпарат алмасуды жүзеге асыру;
- 2) ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 3) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды іске асыру.

16. Құқықтары мен міндеттері:

- 1) мемлекеттік мекеменің құзырлығына жататын мәселелер бойынша мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік органдардан, ұйымдардан қажетті ақпаратты, құжаттарды және материалдарды, жеке және заңды тұлғалардан ауызша және жазбаша түсініктемелерді сұрату және алу;
- 2) ақпараттық мәліметтердің барлық түрлерін пайдалануға, мемлекеттік мекеменің құзырлығына жатқызылған мәселелер бойынша мемлекеттік органдармен, ұйымдармен және барлық меншік нысанындағы мемлекеттік емес ұйымдармен қызметтік хат алмасуды жүргізу;
- 3) қала әкімдігінің және мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың отырыстарына қатысу;
- 4) Қазақстан Республикасының қолданымдағы өзге де заңнамаларымен көзделген өзге де құқықтар мен міндеттері бар.

### **3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру**

17. Мемлекеттік мекемеге басшылықты мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

18. Мемлекеттік мекеменің бірінші басшысын қала әкімі қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

19. Мемлекеттік мекеменің бірінші басшысының өкілеттігі:

- 1) мемлекеттік мекеме жұмысына жалпы басшылық жасауды жүзеге асырады ;
- 2) қала әкімдігіне мемлекеттік мекеменің ережесі мен құрылымын және олардағы өзгерістерді бекітуге ұсынады;
- 3) мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің лауазымдық нұсқауларын бекітеді;
- 4) мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 5) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүддесін білдіреді;
- 6) шарттар жасайды;

- 7) банктік шоттар ашады;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне ынталандыру шараларын қолданады және оларға тәртіптік жаза қолданады;
- 10) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар қабылдайды;
- 11) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың орындалуына жеке жауапкершілік жүктеледі;
- 12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы ережемен және уәкілетті органмен жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

#### **4. Мемлекеттік органдың мүлкі**

20. Мемлекеттік мекеме заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Мемлекеттік мекеменің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алғынған мүлік (ақшалай кірістерді коса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. Мемлекеттік мекемеге бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.
22. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, мемлекеттік мекеменің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алғынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5. Мемлекеттік органды қайта үйымдастыру және тарату**

23. Мемлекеттік мекемені қайта үйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.